



**ЖҰМЫС ІСТЕП,
ЖЕР КӨРЕДІ**

5-БЕТ | САРАПТАМА



**ҚОҚЫС ҰСАҚ-ТҮЙЕК
МӘСЕЛЕ ЕМЕС**

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанда таяу арада экономикамыздың ашық, сенімді және қарқынды дамуына ықпал ететін аса маңызды әрі түбегейлі реформалар басталады. Мұны сіздерге сенімді түрде айта аламын. Мақсатымыз – Қазақстандағы стандарттарды, ережелерді және бизнес жүргізу тәжірибесін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының деңгейіне жеткізу. Біз ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін инвестициялық ахуал қалыптастыруға ұмтылып жатырмыз.

№8
(4596)
Сенбі
20 қаңтар
2024 жыл



ASTANA

**ELORDA
AQPARAT**
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



РИМ ПАПАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Рим Папасының шақыруымен Қасиетті Таққа алғашқы ресми сапарын жасады. Қазақстан Президенті сөзінің басында әлемдегі адамзаттың игілігі жолындағы қажымас қайраты мен қажырлы күш-жігері үшін Католик шіркеуінің Жоғарғы Понтификіне ризашылығын білдірді.

«Сіздің дүниежүзі халқына бейбітшілік тілеген дұғаларыңыз мыңдаған католиктің ғана емес, басқа діндерді ұстанатын көптеген отандастарымыздың жүрегінен орын алып, саналарына сенім мен үміт ұялатты. Бүгінде өркениеттер тоғысында орналасқан көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі католик қауымының өз үйіне айналды» деді Президент. Мемлекет басшысы барлық діндердің өкілдері Әділетті Қазақстанды құруға елеулі үлес қосып жатқан айтты. «Біз «бірлігіміз әралуандықта» қағидатына негізделген бейбітшілік пен ұлттық диалогтың өзімізге тән моделін қалыптастыра алдық. Елімізде түрлі діннің өкілдері өздерінің ғибадатханаларында құлшылық ете алады. Діни сенім бостандығы құқығын қорғау – менің саяси бағдарымның ажырамас бөлігі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті Рим Папасы Францисктің «Қалаға және әлемге» атты дәстүрлі Жолдауын еске сала отырып, оның «Бейбітшілік – ең алдымен Құдайдың сыйы. Бірақ бұл – бәрімізге жүктелген үлкен жауапкершілік» деген сөздерін толық қолдайтынын жеткізді. Қазақстан Президенті әлемдегі текетірестер мен алауыздық ошақтарын тоқтатуға бағытталған белсенді күш-жігері үшін Рим Папасы Францискке ризашылығын білдірді.



Сұлтан СЕЙІТ

БІЛІМ САПАСЫНЫҢ БИІГІ

Астана қаласының мектеп оқушылары соңғы жылдары республикалық және халықаралық пән олимпиадаларынан жүлдесіз қайтқан емес. «Елорданың білім беру жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Жол картасы» аясында қаладағы мектептер 100 пайыз электронды оқулықтармен қамтамасыз етілген. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордада 2029 жылға дейін 15 заманауи қосымша білім беру мекемелерін салу жоспарланған. Осындай ілкімді іс-шаралардың қолға алынуына байланысты оқушылардың білім сапасы да жылдан-жылға артып келеді.

3

Астанада маңызды оқиғалар жиі өтеді. Сондықтан іскерлік туризмнің дамуына жол ашылып отыр. Елорданың геосаяси тұрғыда сәтті орналасуы, яғни Еуразияның орталығында орналасқаны туристер үшін тартымды болып тұр.

4

АСТАНА ТУРИЗМІ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСАДЫ

21 қаңтарда елордада тұңғыш рет әуесқойлар арасында жеңіл атлетикадан INDOOR RUN ASTANA-2024 жабық кешенде халықаралық турнир өтеді.

Qazaqstan спорт кешенінде өтетін байрақты бәсекеге Қазақстан, Ресей және Ұлыбритания спортшылары қатысады.

Жеңіл атлетиканы насихаттау, бұқаралық спорт түрлерін дамыту және халық арасында салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында ұйымдастырылатын жарысқа 1000 м, 1 миль, 2000 м, 3000 м жүгіру, эстафеталық жүгіру (микст) және нокаут жарысы сияқты жеңіл атлетика сайыстары кіреді.

Сондай-ақ жарысқа зияткерлік даму ерекшеліктері бар адамдарға арналған спорт федерациясының командасы қатысады.

Турнирдің ашылу салтанаты сағат 9.45-те өтеді.

№8 (4596) 20/01/2024 Сенбі

«Мен бүгін өзара мүддені көздейтін мәселелерді, атап айтқанда, экономикалық байланыстарды дамыту және екі елді өркендетуге бағытталған қатынастарды нығайту, сондай-ақ халықаралық өзекті мәселелерді шешу жолдарын талқылағым келеді» деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Италия – Қазақстан Еуропадағы негізгі сауда серіктестерінің бірі. «Өзара сауда-саттық көлемі 14,5 миллиард доллардан асты. Таяу жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы 20 миллиард долларға жетеді деп сенеміз. Италия – Қазақстан экономикасына қаржы салған басты инвесторлардың бірі. Біздің нарықта 300-ге жуық италиялық компания жұмыс істейді, соның ішінде ENI кәсіпорны да бар. ENI – көшбасшы компания. Біз екіжақты қатынастардағы жетістіктерді жоғары бағалаймыз. Біз олардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасауды одан әрі жалғастыра береміз. Дегенмен экономика бағытына ғана емес, мәдениет, туризм сияқты басқа да көптеген саладағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру қажет. Қазақстан мен Италия арасындағы ынтымақтастық өте табысты болатынына сенімдімін» деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдік инвесторлар үшін ел экономикасының анағұрлым тартымды және перспективті салалары, оның ішінде «жасыл» энергетика туралы егжей-тегжейлі мәлімет берді. Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Италияның әлемдік аренадағы, оның ішінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ аясындағы өзара іс-қимыл мәселелеріне арнайы тоқталды. Екі ел президенттері БҰҰ Жарғысының қағидаттарын құрметтеу негізінде халықаралық қатынастар мен жаһандық қауіпсіздік жүйесін нығайтудың маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар тараптар Қазақстан мен Орталық Азияның Еуропа Одағымен арадағы ынтымақтастығын дамыту перспективаларын талқылап, көлік және логистика саласындағы өзара тиімді ықпалдастықтың, атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік бағытын өркендетудің келешегі зор екенін ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы орталық сәтті пайдалана отырып, Президент Маттарелланы Италияның «Үлкен жетілікке» төрағалық қызметіне кірісуімен құттықтап, G7-нің күн тәртібін жүзеге асыру ісінде табыс тіледі. Өз кезегінде, Серджио Маттарелла Италия Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және қоғамдық реформаларға үлкен қызығушылық танытып отырғанын атап өтіп, Римге сапармен келгені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Сондай-ақ келіссөздердің нәтижесі екіжақты экономикалық, саяси және мәдени-гуманитарлық байланыстарға тың серпін береді деп сенім білдірді. Достық рәушіте өткен кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Серджио Маттарелланы Қазақстанға сапармен келуге шақырды. Италия Президенті Мемлекет басшысының шақыруын ризашылықпен қабыл алды. Мұнан соң келіссөз дастарқан басында жалғасты.

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТИ ЗОР

Қазақстан Президенті мен Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелони келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Италия жерінде құрмет көрсеткені үшін Джорджа Мелониге алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Италия арасында тығыз саяси диалог, берік экономикалық ықпалдас-



ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысының Италияға ресми сапары Президент Серджио Маттарелламен кездесуден басталды. Екі ел басшыларының келіссөзіне дейін Квиринале сарайында Қазақстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың құрметіне Қазақстан туы көтеріліп, қос мемлекеттің әнұрандары шырқалды. Құрмет қарауылы бастығының рапортынан кейін президенттер бір-біріне ресми делегация өкілдерін таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бұл Қазақстан Президенті ретінде Италияға жасаған алғашқы сапары екенін атап өтіп, қонақжайлық көрсеткені үшін Серджио Маттареллаға алғыс айтты. Мемлекет басшысы еліміздің Еуропа Одағындағы сенімді серіктестерінің бірі – Италия Республикасымен қарым-қатынасы ұзақ уақыттан бері өзара тиімді сипатта дамып келе жатқанын жеткізді.



тық, табысты мәдени-гуманитарлық байланыс орнағанын атап өтті. «Біз Италияның Орталық Азиядағы басты серіктесі болғанымызды мақтан тұтамыз. Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді және қарым-қатынастарды одан әрі арттыруға мол әлеует бар» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Италия – Қазақстанның Еуропадағы негізгі сауда серіктестерінің бірі және ел экономикасындағы ең ірі инвесторлардың бестігіне кіреді. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы 15 миллиард долларға жуықтады. Италиядан Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестиция 7,3 миллиард долларды құрады. Бүгінде біздің елімізде 300-ден астам италиялық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында ENI, SDF Group, PetroValves, Maire Tecnimont, IVECO, Tenaris және басқа да ірі инвесторлар бар.

Қазақстан Президенті БҰҰ, ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесі және ЭЫДҰ аясындағы әлемдік аренада ортақ мақсаттарға қол жеткізу ісіндегі екі елдің табысты ықпалдастығына арнайы тоқталды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік, өңірлік

тұрақтылық, терроризмге қарсы күрес, климаттың өзгеруі сияқты мәселелерге қатысты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді. Мемлекет басшысы Алматыда Италия мәдениеті институтының ашылуын құптады. Оның пікірінше, мәдени дипломатия, білім беру саласындағы серіктестік және туризм елдер арасындағы байланыстарды тереңдетуде маңызды рөл атқарады.

Джорджа Мелони қазақ-итальян қатынастарының деңгейі жоғары екенін атап өтіп, Италияның Қазақстанмен арадағы байланыстарын нығайтуға бейілді екенін жеткізді. «Сіздің бүгінгі сапарыңызды қазақ-итальян қарым-қатынасын одан әрі өркендету үшін зор мүмкіндік ретінде қарастырамыз» деді Премьер-министр.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық, аграрлық, мәдени-гуманитарлық, білім беру салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ жасыл энергетика және екі мемлекеттің астаналары арасындағы әуе қатынасын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек, кездесуде өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер талқыланды. Кездесу

соңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Италия Премьер-министрі бірлескен мәлімдеме жасап, бірқатар екіжақты құжаттарға қол қойды. Олардың қатарында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан әскер және туризм елдер арасындағы орындардың мәртебесіне қатысты келісім», «Қазақстанның «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Италияның «ENI» компаниясы арасындағы жалпы қуаты 247 МВт болатын гибриді электр станциясын (жел электр станциясы, күн электр станциясы) салу жөніндегі бірлескен жобаны жүзеге асыру туралы бірлескен түпкілікті инвестициялық шешім» және басқа құжаттар бар.

ИТАЛИЯ КӘСІПКЕРЛЕРІН ҚАЗАҚСТАНҒА ШАҚЫРДЫ

Қазақстан Президенті Римге ресми сапары аясында Италияның бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесіп, «Қазақстан – Италия» инвестициялық дөңгелек үстелінде сөз сөйледі. Дөңгелек үстелге халықаралық деңгейдегі 30-ға жуық компания қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Италияның бизнес «ка-

питандарына» Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы жан-жақты мәлімет берді. Оның айтуынша, әлемдегі геосаяси жағдайға қарамастан, еліміз аймақтағы ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан экономикалардың бірі ретіндегі орнын сенімді түрде сақтап отыр. «Былыр еліміздің экономикалық өсімі 5,1 пайыз деңгейінде болды. Бұл – болжамды жаһандық көрсеткішке қарағанда шамамен 2 есе жоғары (Дүниежүзілік банк – 2,6%, БҰҰ – 2,7%). Біздің орта мерзімді перспективадағы стратегиялық мақсатымыз – 2029 жылға қарай экономиканың көлемін екі есе ұлғайтуға мүмкіндік беретін 6-7 пайыздық өсімге қол жеткізу. Ол үшін ауқымды реформалар жүргізу қажет еді. Сондықтан саяси реформалармен қатар, нарықтық және бәсекеге қабілетті экономикамызды айтарлықтай нығайтып жатырмыз. Мен мұны табысқа жетудің қажетті шарты деп есептеймін. Қазақстанда тау арада экономикамыздың ашық, сенімді және қарқынды дамуына ықпал ететін аса маңызды әрі түбегейлі реформалар басталады. Мұны сіздерге сенімді түрде айта аламын. Мақсатымыз – Қазақстандағы стандарттарды, ережелерді және бизнес жүргізу тәжірибесін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының деңгейіне жеткізу. Біз ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін инвестициялық ахуал қалыптастыруға ұмтылып жатырмыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент ел экономикасына шетелден тікелей тартылатын инвестиция көлемін ұлғайту мақсатында практикалық және заңнамалық тұрғыда жоспарланған шаралар туралы италиялық кәсіпкерлерге мәлімет берді. «Біз инвесторларға оңтайлы әрі ыңғайлы орта қалыптастыру үшін бизнеске қойылатын артық талаптарды анықтап, оларды жойдық. Жақында Инвестицияларды тарту жөніндегі кеңес құрылып, оған кең ауқымды өкілеттік берілді. Бұл Кеңестің жедел шешім қабылдауына, көрсетілетін жан-жақты мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету арқылы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруына ықпал етеді» деді Президент.

Мемлекет басшысы технологиялық революцияны және алдағы уақытта аса маңызды шикізатты өндіру және өңдеу саласында жаһандық сұраныстың еселеп өсетіні жөніндегі болжамды ескеріп, Италия кәсіпкерлерін осы бағытта ынтымақтастық орнатуға шақырды. «Дүниежүзілік банктің бағалауынша, Қазақстанда құны 46 триллион доллардан асатын бес мыңнан астам барланбаған кен орны бар. Бүгінде біз Еуропа Одағына мүше елдердің экономикасына қажетті ең маңызды 34 шикізаттың 19 түрін өндіреміз. Қажетті инвестиция болса, кобальт, вольфрам, литий сияқты пайдалы қазбалардың 9 түрін игеруге болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Инвестициялық дөңгелек үстел аяқталған соң, Мемлекет басшысының қатысуымен бірқатар екіжақты құжаттарға қол қою рәсімі өтті. Олардың қатарында «Самұрық-Қазына» АҚ мен Balestra арасындағы Түркістан облысы Созақ ауданы Тайқоңыр ауылында қуаты жылына 800 мың тонна болатын күкірт қышқылы зауытын салу жобасының шарттары мен мерзімін айқындайтын келісім; «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен SACE арасындағы экономиканың басым секторларындағы инвестициялық жобалар жөнінде Италияның қатысуымен жасалған мәмілелерді сақталуына лимитін белгілеу туралы негіздемелік келісім; «Самұрық-Энерго» АҚ мен Ansaldo Energia SpA арасындағы қуаты 544 МВт-қа дейін жететін бу-газ қондырғысын салу арқылы Алматыдағы үшінші ЖЭО-ны реконструкциялауды көздейтін ынтымақтастық туралы келісім; Қазақстандағы италиялық кәсіпорындарды қолдауға, сондай-ақ Қазақстан мен Италия бизнесі арасындағы экономикалық және сауда қатынастарын нығайтуға бағытталған «Атамекен» ҰКП мен Confindustria арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум бар.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Елі компаниясының бас операциялық директоры Гвидо Брускомен кездесті. Жылышырайлы жүзесуде Қазақстан мен Елі компаниясы арасындағы өткен жылғы ынтымақтастықтың нәтижелері және алдағы ықпалдастықтың әлеуеті қарастырылды.

Президент Maire Tecnimont компаниясының бас атқарушы директоры Алессандро Берниниді, NEOS әуе компаниясының президенті Лупо Раттаццидді, Bonifische Fertaresi компаниясының бас атқарушы директоры Федерико Векзониді қабылдады.

МАҢДАЙША МЕН ЖАРНАМА ЖАЗУЛАРЫ РЕТТЕЛУДЕ



Улица Сыганак, 54
ЖК Номад



Өткен жылы архитектуралық келбеті мен жарнама элементтерін ғимараттарға орналастыру ережелері сақталмауынан Астанада 8857 маңдайша мен түрлі жарнаманы бөлшектеуге нұсқамалар берілді. Бұл туралы «Астана Жарнама» коммуналдық мекемесінің қалалық мәслихат отырысындағы есебінде айтылды.

Жиында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов маңдайшалар мен қасбеттердің бірыңғайлығына, әріптердің стилистикасына және дизайн кодтың сақталуына ерекше назар аударуды тапсырды. Оның пікірінше, тиімді және ашық жұмыс істеу үшін қаланың 5 ауданының әкімдіктерінің жанынан мониторингтік топтар құру қажет. Олар кәсіпкерлерді жазаламай, бірыңғай стильге адал көзқарас қағидатын енгізуі тиіс.

«Латын әліпбиіндегі белгілерге ерекше назар аудару керек. Бұл алфавит бойынша түпкілікті шешім әлі қабылданған жоқ. Уақытша жарнамалық конструкциялар – «өрмекшілер», созылу белгілері, басқа да сәулет үлгілеріне кәсіпкерлер палатасының талаптарын ескере отырып, сапалы және стандарттар бойынша өнім шығарумен айналысатын баспаханалар мен жарнамалық компаниялардың тізімін жасау қажет» деді Ерлан Каналимов.

ҚЫЗЫЛША ЖАҒДАЙЫ ӘЛІ ДЕ КҮРДЕЛІ

Астанада қызылшаға байланысты жағдай әлі де күрделі болып отыр. Биылдың өзінде 576 бала қызылшамен ауырған. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында қалалық бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова айтты.

Жыл басынан бері Астанада қызылша бойынша 576 бастапқы және 216 расталған факті тіркелді. Қызылша жұқтырған 14 жасқа дейінгі балалардың саны – 152. Сархат Бейсенованың айтуынша, елордада күніне 40-қа жуық баладан қызылша анықталады.

Науқастанған 152 баланың 92 пайызы – қызылшаға қарсы вакцина алмаған балалар. Олардың ата-аналары



қарсылық танытты. Науқастардың ішінде қызылшаға қарсы вакцина алғандар тек 6 пайыз, ал вакцинация мәртебесі белгісіз науқастар 26 пайызды құрады. Қызылшаның таралуын болдырмау

үшін топтық иммунитетінің жалпы көрсеткіші бүкіл халық арасында 85-90 пайыздан кем болмауы керек екенін тағы да еске саламын, – деді Сархат Бейсенова.

СЕРВИС САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

«Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайында жаңа заманауи туристік ақпараттық орталық ашылды.



Ақпараттық орталық – туристік бағытта мәліметтер ұсынатын сервистік қызмет қана емес, келген туристер үшін қолайлы жағдай туғызудың негізгі элементі.

Орталық қызметкерлері елорда

қонақтарына үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) Астана қаласының туристік өнімдері, экскурсиялық бағдарлар, көрікті жерлер, іс-шаралар, көлік, шопинг, ойын-сауық және т.б. туралы ақпараттар береді. Әрбір келуші қала

картасы мен туристік кітапша, сондай-ақ елорданың көрікті жерлері, қонақ үйлері, тамақтану орындары және т.б. туралы буклеттерді тегін ала алады.

Ақпараттық орталықтың ресми ашылу салтанатына «Terminals Astana Airport Management» ЖШС бас директоры Юсуф Альжавер және Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров қатысып, бұл оқиғаның елорданың туризмді дамытудағы маңызы зор екенін атап өтті.

Қазіргі уақытта Астанада екі туристік ақпараттық орталық жұмыс істейді: «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайының 1-терминалында және «Астана-Бөйтерек» монументінде. Олар ақпарат беріп қана қоймай, туристерден келіп түскен өтініштерге мониторинг жүргізеді және елорда туристері туралы деректер базасын жаңартып отырады.

2023 жылы ақпараттық орталыққа келіп түскен 10 мыңнан астам өтініш өңделді, бұл олардың туристер мен қала тұрғындары үшін маңызы зор екенін көрсетеді. Жаңа ақпараттық орталықтың ашылуы – Астанадағы туристік тәжірибені жақсартуға жасалған қадам ғана емес, сонымен қатар елорданың оң имиджін қалыптастыруға әсер ететін оқиға болары сөзсіз.

Елордада келесі жылы Ұлттық травматология және ортопедия орталығының құрылысы басталады. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі хабарлады.

ТРАВМАТОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

– Астана қаласының әкімдігі жаңа ғимарат салуға Хусейн бен Талал көшесінен жер бөлді. Құрылысы 2025 жылы басталуы керек. Бүгінде ұлттық орталықты инфрақұрылыммен қамту мәселелері қаралып жатыр. Ұлттық травматология және ортопедия орталығы жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу үшін бюджеттік өтініш берді, – дейді Денсаулық сақтау министрлігі қоғаммен байланыс бөлімінің директоры Әсел Артақшинова.

Министрлік өкілінің айтуынша,

бұл мәселе биылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде қаралады. Өткен жылы ақпанда елордада травматология және ортопедия орталығына ғимарат салуға жер табылмай жатқаны айтылған еді. Соның шешімі табылып, жер бөлінді. Жалпы қазіргі Н.Бәтпенев атындағы Ұлттық травматология және ортопедия ғылыми орталығы 1971 жылы салынған. Ғимараттың жалпы ауданы 24 356 шаршы метрді құрайды әрі тозығы жеткен.

АСТАНАЛЫҚТАР – ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ



Жақында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Ә.Бөкейхан атындағы және А.Байтұрсынов атындағы BINOM мектептерінде 9-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі өтті. Кеше әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында аталмыш олимпиада жеңімпаздары марапатталды.

Олимпиаданы ұйымдастырушы «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының мәліметінше, биыл 762 елордалық оқушы аталған білім сайысынан жеңімпаз атанған. Оның ішінде 100 оқушы I орын, 218 оқушы II орын, 444 оқушы III орынды иеленді.

«15 пән бойынша дәстүрлі түрде өтетін олимпиадаға қатысушы елордалық зияткер шәкірттердің

саны жыл сайын артып келеді. Биыл Астана қаласы аудандары бойынша 4000-ға жуық оқушы алғашқы кезеңге қатысып, олардың арасынан 2000 бала келесі кезеңге жолдама алды. Оның ішінен 762 жұлдегер топ жарды. I орын алған зияткер оқушылар республикалық кезеңге өтеді, – деді «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының директоры Жанар Бисембаева.

ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ ЕСКЕРТЕДІ

Астана қаласы аумағында кез келген діни мазмұндағы материалдардың, стендтер мен өзге де ақпараттардың таратылуы, сонымен қатар дін өкілдерінің қатысуымен болатын іс-шаралардың өткізілуі алдын ала Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқармасымен келісілу керектігін хабарлайды.

Сонымен қатар, ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 490-бабының 1-бөлігінің 1-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге белгіленген талаптарды бұзу – қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

соғатындығын жеткізеді. Экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және тарату бойынша заң талаптары бұзылған жағдайда, ҚР ӘҚБтК-нің 453-бабының 2-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Заңнама талаптарын сақтау, қоғамдағы ауызбіршілік пен келісімнің шырқын кетіретін әрекеттерге жол бермеу – азаматтық міндет.

№8 (4596) 20/01/2024 Сенбі

Райхан РАХМЕТОВА

ҚР туристік саланы дамыту тұжырымдамасына сәйкес Астана еліміздің саяси, әкімшілік, іскерлік және мәдени орталығы болып саналады. Қала әкімдігінің Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының туризмді дамыту бөлімінің басшысы Өмірзақ Тілеужанның айтуынша, бас қалада туризмді дамытудың бірнеше негізгі бағыттары белгіленген. Атап айтқанда, бұған маңызды оқиғалар өткізу, іскерлік бағытты (MICE-туризм), медициналық туризмді дамыту, Астана брендин қалыптастыру, қажетті барлық инфрақұрылымды құру және сервис сапасын арттыру жатады.

– Былтыр 9 айда елордаға ат басын бұрған туристердің 759 мыңнан астамы – ел азаматтары болса, қалған 220 мыңы шетелдіктер болды. Астанада туристер үшін қажетті жағдай жасалған. Қалада барлығы 229 қонақүй, 68 ірі туристік нысан, яғни театрлар, музейлер, парктер мен сауда үйлері бар. Сонымен қатар туристер үшін қажет 2 мыңнан астам қоғамдық тамақтану орындары, «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайы мен «Астана-Бәйтерек» монументі жанында керек мәліметтерді беретін 2 ақпараттық дүңгіршек, жаяу жүргіншілерге бағыт берудің бірінші жүйесі жұмыс істейді. Соған қоса MICE, медициналық және маңызды оқиғалар бағытын дамыту үшін Астананың негізгі туристік нысандарының қатарына 10-нан астам көрме, конгресс-орталықтар, концерттік залдар, спорт кешендері және 7 JCI медициналық клиника енгізілген, – дейді аталған бөлім басшысы.



АСТАНА ТУРИЗМІ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Жетілген инфрақұрылымы мен географиялық орналасуы жағынан елорда туризмді дамытуда зор әлеуетке ие. Сондықтан туристер үшін қолайлы жағдай жасай отырып, Астананы Орталық Азия елдерінің тарихи оқиғалар мен іскерлік хабы ретінде дамыту көзделеді. Елордадағы туризм осымен үшінші жыл қатарынан тұрақты өсу қарқынын көрсетіп келеді. 2023 жылдың 9 айында қалаға келген туристер саны алдыңғы жылға қарағанда 17 пайызға артты, яғни осы аралықта Астанаға 979 мың турист келген. Бұл ретте әуе көлігі арқылы келушілер саны 28 пайызға, теміржолмен келетіндер саны 17 пайызға көбейген.

САЛАНЫ ӨСІРЕТІН ЖОБАЛАР

Елордада іскерлік туризм индустриясын дамыту және іс-шаралар өткізу мен оларға инвестор тарту мақсатында салалық қауымдастықтар мен корпоративтік сектор өкілдерімен бірге Әріптестік бағдарламасы жүзеге асырылады. Оған 90-нан астам компания қатысады. Сонымен бірге Астана қаласының брендин дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастырушыларды қолдау Бағдарламасы да іске асырылуда. Былтыр Астанада 350-ден астам іскерлік, спорт және мәдени бағыттағы іс-шаралар өткізілген.

– Ұсынылатын туристік қызметтер сапасын жақсарту бағытында да жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, туристердің қаламыздағы жайлылығы үшін жағдай жасауға бағытталған «Visit Astana» әріптестік бағдарламасы бар. Қазіргі таңда бағдарлама бойынша 60-тан астам серіктес осыған жұмылдырылған. Олар

– қызметтер мен оны көрсетудің жоғары сапасын ұсынуға кепілдік беретін қонақүйлер, мейрамханалар, туристік операторлар, көрнекті орындар. Visit Astana бағдарламасын республикалық «Сапа белгісі» бағдарламасы мойындаған. Жыл сайын қонақүйлер, мейрамханалар, госпитальдар мен мейіргерлік сервис сапасын арттыру, гид-экскурсоводтарды дайындау бойынша курстар өткізіледі. Барлығы 100-ден астам гид-экскурсовод пен 600-ден көп қонақүйлер, мейрамханалар және медициналық мекемелер қызметкерлері оқытылды, – дейді сала маманы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ – БАСЫМ БАҒЫТ

Қаламыздың туризмін дамытудағы ерекше басымдық берілетін сала – медицина. Елордада бүгінде халықаралық JCI сапа стандартымен аккредиттелген 7 клиника бар. Шетелдіктер Астанаға негізінен кардиохирургия, нейрохирургия, стоматология, пластикалық хирургия және онкология бойынша ем алуға жиі келеді.

– Елорда медицинасын шетелдік азаматтар басқа елдермен салыстырғанда сапалы қызметі әрі бағасының арзан болуымен тиімді көреді. Оның үстіне біздің клиникалар заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілуі және мамандарының жоғары біліктілігі жағынан еш елден кем түспейді, – дейді бөлім басшысы.

Медициналық туризмді одан әрі дамыту және медициналық ұйымдар мен туристік сала өкілдерін біріктіру үшін Қазақстан медициналық туризмі қауымдастығы құрылды, оған бүгінде 48 клиника мен медициналық ұйым кірді.

Соған қоса маркетингтік қызмет аясында Астана қаласының брендин цифрлық кеңістікте дамыту қолға алынууда. Visit Astana туристік сайтында туристерге қажетті ақпараттардың бәрі бар, сонымен қатар Instagram, Tik Tok, Facebook, YouTube сияқты әлеуметтік желілер арқылы да тәулік бойына көптеген мәліметтер алуға болады. Биыл цифрлық кеңістікте ТМД, Түркия, БАӘ, Үндістан және бірқатар Еуропа елдерінен 20 миллионға жуық адам қамтылды. Қалада қысқы туризмді дамыту үшін жыл сайын «Бұрқасын-2023» фестивалі, қысқы жәрмеңкелер мен сырғанақтар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

Былтыр алғашқы жартыжылдықта экономиканың тамақтану, қонақүйлерде тұру, сонымен қатар демалыс пен ойын-сауық мәдениеті бойынша салаларынан түсетін кіріс Астана қаласының Өңірлік ішкі өнімдері үлесінде 2 пайызды (92,5 млрд тг) құрады. Туризмнің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына да септік етеді. Өткен жылы 9 айда қаладағы тамақтану және қонақүйлерде тұру қызметтері бойынша 22,5 мың адам жұмыспен қамтылған, ал мәдениет, ойын-сауық және демалыс саласында 15,5 мың адам жұмысқа орналастырылған. Жылдың қорытындысы бойынша шетелдіктерге салынған туристік салымдар (bed tax) бюджетке 79,9 миллион теңге кіріс әкелген.

	Резиденттер	Бейрезиденттер	Барлығы
2023 3 тоқсаны	759 220 (14%*)	220 000 (26,3%)	979 220
2022	939 894 (14,7%)	238 510 (25,7%)	1 178 404
2021	673 100 (13%*)	78 023 (23,6%)	751 123
2020	357 292 (10,7%*)	63 758 (25%)	421 050
2019	628 370 (12%)	232 445 (24%)	1 440 846
2018	575 906 (12%)	19 1681 (23%)	1 314 050
2017	695 048 (16%)	294 157 (33%)	1 509 146

өңірлік конференциясының және INQAANE конференциясының өтуі – соның айғағы.

Елордада бағыт алатын туристердің ең көбі Ресейден келеді, мәселен, былтыр 9 айда қалаға осы елден 106 мыңнан астам турист келсе, 2022 жыл бойына олардың 136 мыңы келіп, қонақ болған. Одан кейінгі орында қытайлықтар, былтыр соңғы

үш айды қоспаған қалған уақытта 14 мыңнан астам қытайлық Қазақстанға келген. Содан соңғы орындарда Германия, Өзбекстан, Түркия, АҚШ елдерінің азаматтары басқалардан көбірек келген. Жылына екі-үш мыңдай адам Ұлыбритания, Испания, Беларусь, Украина елдерінен келіп, елорданың туристерінің қатарын толықтырады.



Елордада іскерлік туризм индустриясын дамыту және іс-шаралар өткізу мен оларға инвестор тарту мақсатында салалық қауымдастықтар мен корпоративтік сектор өкілдерімен бірге Әріптестік бағдарламасы жүзеге асырылады. Оған 90-нан астам компания қатысады. Сонымен бірге Астана қаласының брендин дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастырушыларды қолдау Бағдарламасы да іске асырылуда. Былтыр Астанада 350-ден астам іскерлік, спорт және мәдени бағыттағы іс-шаралар өткізілген

ЕЛОРДА НЕСІМЕН ТАРТЫМДЫ?


Осы саланы бақылап отырған мамандар пікірінше, Астанаға көбі іскерлік сапармен келеді. Бұл ретте қала түрлі халықаралық форумдар, конгрестер, саммиттер өткізілетін алаң ретінде маңызды рөл ойнайды. Сонымен қатар туристер үшін қалада өтетін мәдени және тарихи оқиғалар да қызығушылық тудырады. Себебі елордада концерттер мен фестивалдер, көрмелер жиі ұйымдастырылады. Солардың ішінде былтыр қыркүйекте ойын-сауық халықаралық фестивалі – Comic Con Astana іс-шарасы есте қаларлықтай деңгейде өтті. Оған 80 мыңнан астам адам қатысты.

– Маңызды оқиғалар және іскерлік туризмнің дамуы сөзсіз елорданың геосаяси тұрғыда сәтті орналасуына байланысты, Астана Еуразияның қақ жүрегінде орналасқан. Оған барлық көлік түрімен жету өте ыңғайлы. Қалада кез келген ірі немесе маңызды іс-шараларды өткізуге арналған көпфункционалды


конгресс-орталықтардың көптігі оны туристер үшін тартымды ете түседі. Мұндай орталықтарда әлемдік деңгейдегі өнер жұлдыздарынан бастап, саяси және экономикалық форумдар өкілдерін ұялмай қарсы алуға болады. Бүгінгі таңда 30 бағыт бойынша әлемнің 15 еліне 24 әуекомпаниясымен халықаралық тікелей рейстер қатынайды, 78 елге визасыз режим енгізілді, – дейді Ө.Тілеужан.

Астана 2016 жылдан бері (ICCA) халықаралық Конгрестер мен конференциялар қауымдастығы құрамына кіреді және іс-шаралар өткізу жағынан ТМД елдері арасында туризм бойынша халықаралық рейтингте үшінші орында тұр. ICCA құрамына өту қаланың халықаралық мәртебесін арттырып қана қоймай, оның даму әлеуетін көтерді. Мәселен, Astana EXPO-2017 халықаралық көрмесінің, ЮНХТҰ 8-жаһандық саммитінің, 27 дүниежүзілік кардиоваскуляр және торақалды хирургтер қауымдастығы конгресінің, Топырақ механикасы және геотехника бойынша 17-Азия

ТУРИСТЕР САНЫ



	2019	2020	2021	2022	2023 (9 ай)
Ресей	101 566	28 407	35 035	136 952	106 843
Түркия	11 660	4 489	6 114	7 846	7 981
Қытай	14 693	2 559	1 649	8 238	14 680
Германия	9 433	4 554	2 926	7 201	8 159
АҚШ	-	-	3 698	-	5 750
Ұлыбритания	7 736	2 864	1 643	5 209	3 207
Беларусь	-	-	1 380	3 733	3 692
Өзбекстан	-	-	8 389	5 241	7 035
Украина	4 676	2 047	2 538	3 030	3 736
Испания	-	-	882	2 279	775





ЖҰМЫС ІСТЕП, ЖЕР КӨРЕДІ ТАЛАПТЫ ЖАСТАР ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ ҚҰМАР?

Индира
БЕРЖАНОВА

Ағылшын тілінен аударғанда «жұмыс және саяхат» делінетін бағдарлама әлемнің 40-тан астам елінде кең таралған. Ал Қазақстанда 1998 жылдан бастап іске қосылған бағдарлама арқылы бейресми ақпарат көзі бойынша 25 мыңға жуық студент құрлық асып, тәжірибе жинақтаған. Американың бастамасымен қолға алынған бағдарлама бірқатар мемлекетте қолдау тапқан. Мысалы, Work and travel Germany, Work and travel Spain бағдарламасы жұмыс істейді. Атауы бөлек болғанмен, Work and study дейтін австралиялық бағдарламаның бағыты да осындай. Ал қатысу үшін бірқатар маңызды шартты ескеру қажет. Күндізгі бөлімде оқытын студенттер жазғы демалысы кезінде 3 ай жұмыс істеп, соңғы бір айында Құрама Штаттарды саяхаттай алады. Ол үшін жастар аталмыш бағдарлама бойынша жұмыс істейтін орталықтарға жүгінеді. Сұраныс көбейген сайын мұндай түрлі агенттіктер мен орталықтар саны да жылдан-жылға артуда. Сондай орталықтың координаторлары, кейін АҚШ елшілігінің консулы алатын ағылшын тіліндегі сұхбаттан өтеді. Осы сұхбаттан өте алған студенттер

Қазір жоғары оқу орындары студенттерінің басым бөлігі сабақтан тыс уақытта жұмыс істеп, ақша тапқанды қолай көреді. Оқу ақысы, киер киім, ішер асқа қажетті қаржыны өздері өтеуге көшкен жастардың нарық талабына бағынуы қалыпты жағдайға ұласып барады. Қомақты ақша табуды көздеген жастар өз қажеттіліктерін толтыру үшін шетел асып, әлем елдерінде түрлі қызмет атқарады. Әсіресе жұмыс күшін қажет ететін Америка Құрама Штаттарына аттанып жатқан қазақ жастары көп. Соңғы 25 жыл ішінде студенттер «Work and Travel» бағдарламасы арқылы белгілі мөлшерде қаржы төлеп, Америка асып, нәпақа іздеудің жолына кірісті. Десе де бағдарлама қаншалықты тиімді? Жастардың көздегені саяхат па, әлде табыс табу ма?

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН БІТІРГЕНДЕРДІҢ 40 ПАЙЫЗЫ ӨЗ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ. ЯҢНИ БАҒДАРЛАМАҒА ТЕК БОЛАШАҚ МАМАН ИЕСІ АТАНАТЫН СТУДЕНТТЕР ҚАТЫСАТЫНЫН ЕСКЕРСЕК, СОНДА ОЛАР ОҚУЫН АЯҚТАП, ДИПЛОМДЫ САНДЫҚҚА САЛА, ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ АСЫҒАДЫ

«Бағдарламада неге жұмысқа мән беріледі? Білім, негізінен, формалды және формалды емес болып екіге бөлінеді. Көбіне-көп жұмысқа тұрарда оқулықтардағы формалды білімнен гөрі қарым-қатынас мәдениеті, күрделі мәселелердің шешімін табу, жұмысты жүйелі білу секілді формалды емес білім сұралады, кей жерде тіпті талап етіледі. Ал мұндай білімді адам өмірден тәжірибе жинау арқылы алады, яғни қандай да бір жауапкершілік алып жұмыс істеуге үйренеді. Work and travel USA бағдарламасымен Америкаға бару үшін ағылшын тілін ауызекі білу жеткілікті, халықаралық тіл білімі жөніндегі IELTS, TOEFL секілді тестілеулерді тапсыру, одан белгілі бір нәтижелі сертификат талап етілмейді. Дегенмен орталықтың координаторлары, кейін АҚШ елшілігінің консулы алатын ағылшын тіліндегі сұхбаттан өтеді. Осы сұхбаттан өте алған студенттер

ғана бара алады. Тіл білгеннен басқа, АҚШ елшілігімен жұмыс атқаратын арнайы білім агенттіктерінің көмегіне жүгініп, кем дегенде 2500-3000 АҚШ долларын төлеп, Америкаға аттана аласыз. Бұдан кейін елшілікпен және жұмыс ұсынатын кәсіпкермен жеке әңгімелесуден өту керек. Агенттік жұмыс тауып бергеннен кейін әрі қарай қызметті иіріп алып кету не орта жолдан тоқтату студенттің өзіне байланысты» дейді маман.

«Work and Travel» жастар үшін несімен тиімді? Санамалап айтар болсақ, жастардың дені қомақты ақша табуды көздеп барады. Себебі жаһанды аузына қаратқан алып мемлекет Америка – бизнестің қайнап тұрған мекені. Сырттан келген жұмыс күшін пайдалану жақсы жолға қойылған. Жаз шыға елде қайнаған тіршілік басталып кететіндіктен, студенттер осы бастан-ақ өзге елден нәпақа табу

үшін дайындалуда. Бағдарламамен келген жастар сатушы, даяшы, фаст-фуд өнімдерін саудалаушы, қонақ үй қызметкері, шағын бизнес-орталықтың маманы қызметін атқара алады. Білім агенттіктерінде жарияланған мәліметтерде сырттан келген студенттер кемі 10 мың АҚШ доллары көлемінде табыс табады делінген. Ең аз дегенде сағатына 10-20 АҚШ долларын алады. Бірақ белгіленген уақыттан артық қызмет істеген жастар over time, яғни айлықтан 1,5-2 есе ақы алады екен. Енді бағамдай беріңіз, күніне 8 сағат жұмыс істейтін студент кем дегенде 80 АҚШ доллары, яғни теңгеге шаққанда 36 мың теңгедей қаржы таба алады. Демек, барған соң жұмыс істеп, жұмсаған қаржысын бірнеше еселеп қайтарып алғандар жетерлік.

АҚШ-тағы өмір сүру дағдыларының көпшілікті тамсандыруына кино және музыка арқылы бүкіл әлемге үлгі ретінде ұсынылуы басты негіздердің қатарына кіреді. Әсіресе жастарға шетелдің өмір сүру салты таңсық. Сондықтан да сыртқа жиі кетіп жатады. Экономикалық мотив те отандастарымыздың кетуіне түрткі болып отыр. Себебі елде жылдан табатын табысты олар бірнеше айда-ақ таба алады. Одан бөлек, жұмыс істей жүріп, тіл меңгереді. Таза ағылшын мәдениетінің тоғысқан ортасында жүріп, тілді еркін меңгеруге мүмкіндік көп. Мәселен, сату саласында көпшілікпен жұмыс істеу арқылы ағылшын тілін меңгеру әлдеқайда жеңіл. Студенттердің көбі жұмыс істей жүріп тіл меңгеру ақылы курстан әлдеқайда нәтижелі деген пікірде.

Ендігі пайдасы – саяхаттау. Студенттер – шетте жүрсе бірінші кезекте

турист. Сондықтан жұмыс уақытынан кейін қазақ жастары Американың жұрт көп баратын көрікті жерлерін көруге мүмкіндік алады. Жазғы демалысы кезінде елдің ішкі тәртібі мен табыс түсірер салаларын біліп қайтады.

Бағдарламаның тиімді тетіктері көп болғанмен, ескеретін маңызды факторлар да бар. Жат жердің идеологиясы мүлде басқа. Шетелге барған жас саяси, діни фанатизм және дүниетаным идеологиясының бірін қалайда сіңіріп қайтады. Бағдарламамен барып келген студенттер арнайы агенттіктің қызметін толық зерттеп алу керек дегенді де құлаққағыс етеді. Себебі жұмыс көзі бар деп шақыруға алданып, сырт елде сан соғып қалатындар да аз емес екен. Бұл туралы бағдарламаның бытырғы қатысушысы Азель Бейсембекова айтып берді.

– Кейбір агенттіктердің «виза алсаң болды, қалған жұмыс барғаннан кейін бола береді» деген сөзіне алданбау керек. Келер кезде бәрін анықтап, қай қалаға, қандай жұмысқа баратыныңды мұқият білген абзал. Тіркілген орталықтан медициналық сақтандыру алуы ұмытпаңыз. Себебі Америкада дәрі-дәрмек пен дәрігер көмегінің құны қымбат. Иммуниетті көтеретін тамақтар тұтынып, ауырмауға тырысу керек.

Жұмыстың оңайы да, қиыны да бар. Мәселен, мен Массачусетс штатында

P.S: Еңбектің жаманы жоқ. Жастар шетелге саналы түрде қара жұмысқа салынатынын біле тұра барып жатыр. Бірақ жырақта жүріп, бұлбұл орманын, адам Отанын аңсап тұрады. Осы айттып өткендей, өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан болуың керек-ақ. Шетелдің тәжірибесін алып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсауға атсалысу дұрысырақ.

ҚҰМҒА ҚҰЙЫЛҒАН МИЛЛИОНДАР

Кино – өнер. Кино – бизнес. Кино – идеологияның негізгі құралы. 2023 жылғы 17 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда отандық кино саласын реформалау қажеттігіне нақты тоқталды. Бірақ бұл саладағы айқай толастар емес. Кино түсірісі келгендер көбейгенмен, олардың дені өз қаражатына түсіріп жатыр. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының көбі «өз араларында» қалып жатқандай көрінеді. Өйткені Ұлттық киноны қолдау орталығының фильмдері не сұранысқа, не халық тарапынан қолдауға ие емес.

Тіпті халық қазынасындағы қаржыны миллиондап құмға құйып жатқандаймыз. Мысалы, 2019-2023 жылдар аралығында отандық 100 фильмге шамамен 23 млрд теңге бөлінген. Ең қызығы, оның барлығы 100 пайыз игерілген. Есебі тапсырылып, кино түсірілген. Енді қараңыздар, Atlas entertainment компаниясы түсірген отандық «Патриоттар заманы» фильміне 1 млрд қаржы жұмсалса, оның кассалық жинағы – небәрі 10 миллион теңге. Бұл

– кеткен соманың 1 пайызы ғана. Келесі Satai film түсірген «Бокшы» фильміне 900 млн жұмсалса, кассалық жинақ небәрі 25 млн теңгені құрады. Фильмнің идеясы Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев туралы екенін білесіздер. Бірақ кино өте сапасыз әрі көрермендерге әсер сыйлай алмады.

Сондай-ақ «Медет фильм» түсірген «1941-дің жазы» отандық киносына 700 млн қаржы бөлінсе, оның 2 миллионы ғана қайтарылған. Бұл кеткен шығыннан 350 есеге аз. Және де «Өмір» фильміне 500 миллион

кетсе, небәрі 650 мың теңгесі қайтқан. Мысалы, орта есеппен кинотеатрлардағы билеттің бағасы 2000 теңгені құраса, онда бұл фильмді 325 адам көріпті-міс.

Сонда сіз болып, біз болып «Өмір» деген фильмге бюджеттен жарты миллиард кетіріп, 325 адам көру үшін ғана түсірдік пе?! Яғни мемлекет тарапынан бөлінген қаражатқа түсірілген фильмдерді де халықтың көріп қуанып жатқаны шамалы, отандық киноөндіруші ұйымдардың кинотеатрларда фильмдерді

көрсетуінде тағы өзіндік проблема бар.

Ол – жарнаманың әлсіздігі, оған арнайы қаражаттың қарастырылмауы. Мемлекет қолдауымен түсірілген фильмдердің жарнамасы жоқтың қасы. Қаншама фильм түсіріліп, шаң басқан архивтерде жатыр. Тәуелсіздіктен бері қарай мемлекет қаржысына 600-ден аса фильм түсірілсе, соның ішінде өз-өзін ақтап, пайдаға шыққан фильм тек «Досмұқасан» ғана.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты



ҚОҚЫС ҰСАҚ-ТҮЙЕК МӘСЕЛЕ ЕМЕС

Еліміздегі қалаларда қоқыс мәселесі қордаланған, күрделі, өзекті күйінде қалып отыр. Қоқыс қалдықтарын сұрыптау, қайта өңделген өнімдерді пайдалануды арттыру қоршаған орта үшін де, адамзат үшін де өте маңызды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Қатты тұрмыс қалдықтары (ҚТҚ) жайы ғасырымыздың ең өзекті проблемасы ретінде адамзатты алаңдатып отыр. Шетелде де бұл проблема маңызын жойған жоқ. Әлемде жыл сайын 2 млрд тонна қатты тұрмыс қалдығы шығарылады. Бұл – қоқыс мәдениетінің дүние жүзінде бір ізге қойылмағанының көрінісі. Сарапшылар тіпті 30 жылға жуық уақытта қоқыс көлемі 70 пайызға өсіп, 3,4 млрд тоннаға жетеді деген пікір айтып жүр. Сондықтан еуропалық комиссия қайта өңделген өнімдерді пайдалануды арттыру бойынша ұсыныстар жариялауды жоспарлап отыр. Өйткені пластиктің шамамен 40 және қағаздың 50 пайызы қаптама үшін пайдаланылады екен. Ал бұл қатты тұрмыс қалдықтарының 36 пайызын құрайды. Егер Еуропаламент пен Еуропалық кеңестің, ЕОның 27 үкіметінен тұратын топ мақұлдаса, 2025 жылға қарай қоқысты шамамен 65 және 2030 жылға қарай 70 пайызға азайту көзделіп отыр.

Елімізде қоқыстың мөлшері 160 млн тоннадан асты. Жылына шамамен 4,5 млн тонна тұрмыс қалдығы жиналады десек, мұның тек 15 пайызы ғана өңделеді. Бұл да көңіл көншітпейді. Кейбір аймақтарда тіпті қайта өңдеу зауыты жетіспейтін көрінеді. Мәселен, Ақмола, Жамбыл, Ақтөбе өңірінде қалдық бөлек жиналып, сұрыпталады. Одан әрі өңдеу үшін көрші облыстарға жөнелтіледі. Статистикаға сүйенсек, ел бойынша 207 қала мен ауданда, 138 елді мекеннің 96-сында ғана қалдықтарды сұрыптау енгізілген. Яғни республика аумағында қоқысты сұрыптау мүмкін болғанмен, тұрмыс қалдықтарын өңдеу үлкен проблемаға айналған.

АСТАНА ҚОҚЫССЫЗ ҚАЛА БОЛА МА?

Бізде қоқыс пен қалдық мәселесі қалай шешілген дейсіз ғой, үйдің сыртындағы қоқыс жәшігіне тамақ қалдықтарымен қоса темірді де, терсекті де, тасты да, пайдасыз болып қалған ескі жиһазды да тастай береді.

Бұл жайдың асқынып кеткені сонша, Үкімет арнайы заң қабылдауға мәжбүр болды. Ендігі жерде қазақстандықтарға үйінің жанындағы қоқыс жәшігіне жарамсыз жиһазды, сантехника заттарын немесе құрылыстан қалған қоқысты тастауға тыйым салынды.

Әкімшілік кодекстің 505-бабы бойынша жеке тұлғаларға 20 АЕК (73840 теңге), шағын кәсіпкерлік пен коммерциялық ұйымдарға 30 АЕК (110760 теңге), ал орта кәсіпкерлікке 40 АЕК (147680 теңге), ірі кәсіпкерлікке 100 АЕК (369200 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізіп, «Контейнер алаңына және оған іргелес аумаққа құрылыс қалдықтары мен ірі көлемдегі қалдықтарды тастауға рұқсат етпейді. Мұн-



Елімізде қоқыстың мөлшері 160 млн тоннадан асты. Жылына шамамен 4,5 млн тонна тұрмыс қалдығы жиналады десек, мұның тек 15 пайызы ғана өңделеді. Бұл да көңіл көншітпейді. Кейбір аймақтарда тіпті қайта өңдеу зауыты жетіспейтін көрінеді. Мәселен, Ақмола, Жамбыл, Ақтөбе өңірінде қалдық бөлек жиналып, сұрыпталады. Одан әрі өңдеу үшін көрші облыстарға жөнелтіледі. Статистикаға сүйенсек, ел бойынша 207 қала мен ауданда, 138 елді мекеннің 96-сында ғана қалдықтарды сұрыптау енгізілген. Яғни республика аумағында қоқысты сұрыптау мүмкін болғанмен, тұрмыс қалдықтарын өңдеу үлкен проблемаға айналған.

дай қалдықтарды пәтер иелері немесе заңды тұлғалар қала сыртындағы полигондарға өздері апарып төгуі қажет.

Сондай-ақ абаттандыру ережесіне сәйкес «қала мен елді мекендерде сұйық тұрмыс қалдықтары мен ірі көлемді қоқысты қоқыс құбырына тастауға тыйым салынады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Дегенмен осы ережені көбі ескере бермейді.

ҚАЛАУЫН ТАПСА, КІРІС ӘКЕЛЕДІ

Еуропа елдерінде қоқыстың 85-90 пайызы қайталама шикізат ретінде пайдаланылып, бұқараның көлесіне жаратылуда. Әрі-беріден кейін ол біле білгенге нағыз табыс табыс көзі.

2025 жылға қарай қатты тұрмыс қалдықтарын қайта өңдеу деңгейін 34 пайызға дейін жеткізу мемлекет алдында тұрған нақты міндеттің біріне айналып отыр. Аталған мәселені шешу үшін экология қауіпін азайтуға мүмкіндік беретін технология және экономика саясатын талдап, әлемдік тәжірибедегі оның даму тенденцияларын ескеруді және өзіміздің әрекетімізге қарай бейімдеуді қажет етеді. Егер Еуропаның Германия, Австрия, Швеция және Нидерланд сияқты алдыңғы қатарлы елдерді тәжірибесіндегі негізгі 3 бағытқа сүйенсек, аталған өнімнің құнды компоненттерін қайталама шикізат ретінде қолдануға және қайта өңдеуге басымдық беруге болады. Өйткені адам еңбегімен жасалған көптеген өнім бір рет қолданғаннан кейін, мәселен, қағаз қалдықтары, консервіленген және алюминий құтылары, пластмасса мен шыны бөтелкелерді қайталама энергетика ресурсы ретінде пайдаланып, кейін залалсыздандыруды керек етеді.

– Әлемдік тәжірибеде қоқыс өңдеудің дамыған әрі кеңінен

P.S: Дүние жүзіндегі әр тұрғын шамамен жылына 300 кг-ға жуық қоқыс шығарады екен. Бұған зауыттар мен фабрикалар секілді ірі өнеркәсіптерден бастап қоғамдық тамақтану орындары мен коммерциялық нысандарды қоссаңыз, тау болып үйілген қоқыс полигондарын көз алдыңызға елестете беріңіз. Сондықтан қоқыс пен қалдық мәселесін шешу өте өзекті.



Әкімшілік кодекстің 505-бабы бойынша жеке тұлғаларға 20 АЕК (73840 теңге), шағын кәсіпкерлік пен коммерциялық ұйымдарға 30 АЕК (110760 теңге), ал орта кәсіпкерлікке 40 АЕК (147680 теңге), ірі кәсіпкерлікке 100 АЕК (369200 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған

таралған әдісі – өртеу. Бұл – қоқысты жағу және жалпы электр желісіне сатылатын электр энергиясын өндіру механизмі. Қалдықтарды өртемес бұрын олар алдын ала сұрыпталады, бұл әдістің артықшылығы қоқыс үйінділерін он есе азайтуға болады, – дейді сарапшы Ерлан Керімов.

«ДАРМАРКА» ЖӨРМЕҢКЕСІ ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

Астанада «Дармарка» экология жәрмеңкесі биыл үшінші рет өтті. Іс-шараны StopMusor әлеуметтік жобасы шеңберінде Қазақстанның экология ұйымдарының қауымдастығы Астана ІТ университетімен серіктестікте ұйымдастырды. «Дармарка» – бұл тегін жәрмеңке, онда қатысушылар енді пайдаланбайтын заттарды жақсы жағдайда алып келеді, ал оның орнына өздеріне ұнайтын нәрсені алады. StopMusor жобасы – халықтың экология сауаты мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ адамзаттар арасында тұрмыс қалдықтарын жауапкершілікпен шығару мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

«Дармарка» жақсы заттардың жаңа иелерін тауып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа тауарларды өндіруге, буып-түюге және жеткізуге бөлінетін ресурстар мен қаражат шығынын азайтады. Бұл – қоғам мен қоршаған ортаны саналы тұтыну мен тұрақты дамыту жолындағы қарапайым қадам. Жалпы StopMusor жобасы елордалықтар мен қала қонақтарын таза ауа мен суды сақтауға өз үлесін қосуға шақырады. Қатысушыларға тапсырылатын барлық зат таза және жақсы күйде болуы керек деген талап қойылады. Заттар, кітаптар, керек-жарақтар, балалар ойыншықтары қабылданады.

Жоба аясында www.stopmusor.kz арнайы сайты әзірленіп, іске қосылды, сонымен қатар жобаның <https://instagram.com/stopmusorkz> және <https://www.facebook.com/stopmusorkz/> әлеуметтік желілердегі парақшаларына жазылуға болады. StopMusor әлеуметтік жобасын «Филипп Моррис Қазақстан» ЖШС қаржылық қолдауымен Қазақстанның экология ұйымдары қауымдастығы жүзеге асырып келеді.

КЛИКФРОД – АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

Қазіргі кезде интернеттегі коммуникация өте жоғары жылдамдықпен дамып жатыр. Мұндай үрдістің әрі жағымды, әрі жағымсыз жағы бар. Жағымды жағы – кәсіпкерлер өзінің тауарын онлайн форматпен жарнамалайтын тиімді тәсіл тапты. Сондай-ақ бұл тәсіл қызмет түрлерін ұсынушыларға да көп пайда әкелуде. Ал жағымсыз жағы – алаяқтар да бұл жаңалықтан құр қалмай, алаяқтықтың жаңа түрлерін ойлап шығарды. Соның бірі – кликфрод, оны «кликтеу» деп те атайды.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

КЛИКФРОД ДЕГЕН НЕ?

Кликфрод (ағыл. click fraud – алаяқтық клик) – бұл жарнама берушінің шығынын ұлғайту үшін арнайы адамдар немесе боттар қандай да бір жарнамалық сілтемені басатын іс-шаралар кешені. Кликфродтан жарнама, маркетинг агенттіктері, интернет кеңістікте тауарлар мен қызметтерді сататын кәсіпкерлер көп зардап шегуі мүмкін.

Алаяқтар кликфродты Pay per click, яғни әр клик үшін ақы қағидаты бойынша контекстік жарнамада пайдаланады. Бұл алаяқтықтың сызбасы мынадай: алаяқ жарнама берілген баннерді бірнеше рет басады, содан кейін жарнама берушінің веб-сайтынан жылдам шығып кетеді. Кликфрод үшін алаяқтар жарнама үшін пайдаланушының клик басқанын білдіретін автоматтандырылған скриптерді немесе бағдарламаларды пайдаланады. Нәтижесінде компанияның жарнамалық бюджеті немесе сайт иесінің табысы таусылып, алаяқ сайттарға трафикті енгізу арқылы ақша алады, бұл жарнаманы басу санынан жинақталған табыс әкеледі.

Жыл сайын жарнама агенттіктері, брендтер мен жарнама берушілер кликфродтан зардап ұшырауда. Ірі интернет-порталдар мен іздеу жүйелері де кликфродтан зардап шегіп, шығындануда. Себебі олардың қызметіне деген сенім азаяды. Кликфродтың негізгі белгілері мынадай:

- бір IP-мекенжайдан және бәсекелестердің сайттарынан ауысу санының көп болуы;
- сайттан тез – 1-2 секундтан кейін кететін келушілер санының күрт ұлғаюы;
- сайтқа кірушілер саны сатып алушылардың өсу қарқынынан арта бастайды;
- жарнамаға арналған бюджеттің жылдам жұмсалыуы және трафиктің күрт өсуі;
- трафиктің нақты көзі геотаргетинг өлшемдерімен сәйкес келуін тоқтатады – жарнамалар пайдаланушыларға, мысалы, Алматыдағы пайдаланушыларға арналса да, кликтер шет елдерден болуы мүмкін.

ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Мамандар кликфродтың мынадай түрлері барын түсіндіріп береді:

1. Клик фермалар – алаяқтар

арзан құрылғыларда (көбінесе смартфондарда) жарнаманы қолмен басып отыратын адамдарды жалдайды. «Клик фермалардың» қызметін бірдей деректермен өзара іс-әрекетті айқындау арқылы анықтауға болады. Мысалы, бірдей IP-мекенжайлар, браузерлердің нұсқалары, желілік провайдерлер, деректер тарату жылдамдығы және тағы басқа.

2. Боттар – жарнама арқылы ауысатын және пайдаланушының тінтуірді қозғап, батырманы басқан сияқты әрекетін қайталайтын зиянды бағдарламалық құрылым. Сол себепті жарнама жүйелері пайдаланушымен емес, ботпен жұмыс істеп отырғанын анықтай алмай жатады.

3. Бот-желілер – кликфродтың алдыңғы түрінен ауқымды жағынан ұлғайған түрі. Мұнда зиянды бағдарламалық құрылым компьютерлерді желісіне орнатады және кликтерді жасанды түрде ұлғайтады. Бот-желілер белгісіз сайтқа кездейсоқ кірген пайдаланушының смартфонна мобильді құрылғы орната алады. Ал әрі қарай бағдарламалық қамтылым адам интернет-дүкенге белгілі бір тауар сатып алғысы кеп кірген сияқты көрініс қалыптастырады.

4. Кликджекинг немесе көзге көрінбейтін жарнама – пайдаланушылар, өздері аңғармастан, кликтердің санын ұлғайтады. Өйткені баннерлердің, бейнежазбалардың немесе батырмалардың үстіңде орналасқан жарнаманы көрмей қалады. Бұл көлемі бір пиксель болатын түссіз баннерлер болуы мүмкін.

5. Клоакинг-сілтемелер – бұл жағдайда алаяқтар сілтемені ауыстырып, пайдаланушы өзіне қажет парақшаның орнына өзіне трафик ұрлайтын басқа сайтқа кіріп кетеді.

ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Өкінішке қарай, кликфродтан толық құтыла алмайсыз, ол келетін адам үшін тиімді, себебі іздеу жүйесіне трафик керек. Алайда жарнама тазалығы қағидаларын сақтау және өз өніміңізді дұрыс орналастыру арқылы одан қорғануға болады. Ең бастысы – үнемі сақ болу, жарнама форматтарын, алаңдары мен метрикаларын үнемі зерделеу. Мамандандырылған басшылар кликфрод зерттеулерімен және жарнама бюджетін қорғау тәсілдерімен жиі бөліседі және тіпті бір қарағанда ең қарапайым кеңестердің өзі қаражатыңызды сақтап қалуға көмектеседі.



ҚАЗАҚ ҚАНДАЙ ТҰЛҒАҒА ЗӘРУ?

«Ұлына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден» деген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның артына қалдырған ұлы сөзін өзінің өмірлік өнегесімен, ізгі ісімен дәлелдеп кеткен тұлғаларымыз көп. Солардың бірі де бірегейі – Шайсұлтан Шаяхметов. Қылышынан қан тамып тұрған кеңес заманында ұлтшыл мінезімен қазаққа риясыз қызмет еткен мемлекет және қоғам қайраткері. Жуырда Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада химия ғылымдарының кандидаты, профессор, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовтің туғанына 85 жыл толуына орай «Жанып тұрған шаммен тең...» деген атаумен дөңгелек үстел өтті.



Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Басқосуға белгілі жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әлібек Асқаров, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы, химия ғылымдарының докторы, профессор, академик, ҚР әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының иегері Ербол Махмотов, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманәлиев, жазушы Ораз Қауғабай, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталықтың орфография басқармасының жетекшісі Гүлназ Төкенқызы және тағы басқа зиялы қауым өкілдері, Ұлттық академиялық кітапхана қызметкерлері мен тұрақты оқырмандары қатысты.

Дөңгелек үстелде туған халқының бақыты үшін басын қатерге тігіп, қалтқысыз қызмет еткен тау тұлғаның қамқорлығы мен жақсылығын көрген белгілі ғалымдар, сол жылдарда қызметтес болған әріптестері, Шайсұлтан Шаяхметовтің алуан түрлі қырын зерттеген зиялылар әсерлі де шынайы естелігімен бөлісті.

«ЖАЛАҢ АЯҚ АСПИРАНТТЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ»

Отандық химия ғылымының дамуына зор үлес қосып жүрген ғалым Ербол Махмотов тұңғыш Білім министрімен тағдыр-талайы қалай табыстырып, өмірдегі және ғылымдағы жолына жарық жұлдыздай сәуле шашқан абзал жанның қамқорлығы туралы әсерлі әңгімеледі.

«1987-1990 жылдары Алматы қаласында Қазақ КСР Ғылым академиясы органикалық катализ және электрохимия институтының аспирантурасында оқып

жүрген кезім. Бір күні мені Білім министрі шақыртты. Кабинетіне кіргенімде ашық қабақпен қарсы алды. Ол дисертациямды қорғап, ғылымға қатты қызығушылықпен ден қойған кезім еді. Шайсұлтан Шаяхметов маған бұрынғы Шевченко, қазіргі Ақтау қаласына баруыма ұсыныс жасады. Әрине, келістім. Сөйтіп, министрің жолдамасымен білім, ғылым және өндіріс деген ұштағанның ортасына топ ете түстім. Одан кейінгі өмір жолым, ғылымдағы қадамдарым шынайы жанаушы тұлғаның қамқорлығымен биіктерге бастады. Кейінірек Ақтауға келгенімде хал-жағдайымды сұрап, сырттай демеуші, қолдаушы болып жүргені мен үшін зор бақыт еді» деп еске алды Е.Махмотов.

Ол Ш.Шаяхметовтің ғалым болатын жастардың өзін көрмей-ақ танитын тереңдігіне, өзі басқаратын саланың ұнғыл-шұңғылына бойлай алатын көрегендігіне көп мысал келтірді.

«1984 жылы алақандай Шевченкода 11 жоғары оқу орны болды. Бәрі филиалдар еді. Сол кезде Ш.Есенов атындағы жалғыз мемлекеттік университеттің оқытушыларын таба алмай қалатынбыз. Жаңағы филиалдарға тіркеліп, бәрінен айлық алады. Филиал директоры 1 сөмкемен келіп, бос тұрған балабақшаны институт етіп, грантқа түспей қалған балаларды жинап, оқыта береді. Не кітапхана, не база, не маман жоқ, қазір, керісінше, филиалдар түгілі, институттар да жабылуда. Ш.Шаяхметовтей министр болса мұндайға мүмкіндік бермес еді. Қазір не көп, ғалым көп. Ғылым магистрінің саны кандидаттан 5 есе көп, ғылым докторының саны – 4500, ал Phd докторлар – 4900. Білім мен ғылымға жаны ашитын министр бұған жол бермес еді» деді ол.

Ербол Махмотов Ш.Шаяхметовтен кейінгі министрлер тұңғыш министрден үлгі алса деді.

«Білім мен ғылым саласын басқаруға қауқары, деңгейі жоқ министрлердің 2-3-еуінің

шындығын бетіне айттым. Былай қарасақ, министр болған адам да: «Әй, маған ұяттау болды-ау, басқа қабілетті адамдар бар еді» деп ұялмайды, оны тағайындаған адам да: «Бұл саланы басқара алатын мынадай азаматтар бар еді» деп айтпайды» деді ол.

ҚАЙРАТКЕРГЕ ТӘН ҚАСИЕТ

ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманәлиев Шайсұлтан Шаяхметовтің білім-ғылым саласына, ана тілімізге, ұлт руханиятына сіңірген ерен еңбегін мысалдармен айшықтап, әсерлі жеткізді.

«1992 жылы 18 қаңтарда қабылданған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш «Білім туралы» заңын дайындаған – Ш.Шаяхметов. Оқу жоспарлары, білім бағдарламалары былай тұрсын, кафедраның штат кестесін «уысында ұстап», кеңестік республикаларға өктемдігін жүргізіп үйренген Мәскеудің боданынан босап, бостандыққа бет алған елдің жаңа білім саясатын қалыптастыру оңай шаруа емесігі анық. Ауқымды да қауырт іске білікті мамандарды жұмылдырып, нормативтік-құқықтық актілер даярлау ісін кәсіби шеберлікпен, креативті ойларымен, жинақтаған мол тәжірибесіне сүйеніп жүзеге асырған да Шайсұлтан Шаяхметов болатын. Ел арасында «Шаяхметов заңы» аталып кеткен бұл құжатқа мемлекеттік жоғары оқу орындарымен қатар жекеменшік білім ордалары да білім беру қызметін көрсете алатыны туралы тұңғыш рет заң нормасы енгізілді. Соның нәтижесінде жекеменшік балабақша, мектеп, университеттер бой көтерді. Кеңес кезеңіндегі 55 ЖОО саны қазіргі таңда елімізде екі есеге артып, 110-нан асуы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етудің алғышарты екені белгілі. Жоғары оқу орындарының дербестігі деген мәселе де осы заңнан бастау алды. Осындай ұлт, мемлекет үшін маңызы зор істердің

бәрінде тұңғыштарға тән қасиет-қабілетін көрсеткен қазақтың біртуар перзенті Ш.Шаяхметовтің қолтаңбасы бар» деді К.Құрманәлиев.

ТҰҢҒЫШТАРДЫҢ ТҰҢҒЫШЫ

Жиында Шайсұлтан Шаяхметовтің «тұңғыш» деген текті сөзге қай жағынан алсақ та лайықты екені тілге тиек етілді. Әуликөлдегі орта мектепті алтын медальмен бітірген тұңғыш түлек. Самбодан «спорт шебері» атанған тұңғыш қазақ. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Білім министрі (1987-1993 жылдары министр болған). «Білім туралы» заңды тұңғыш дайындаған кәсіби маман. «Болашақ» бағдарламасының негізін қалап, 1989-1991 жылдары 5 үлкен мемлекетпен келісімшарт жасаған тұңғыш министр. 1960-1986 жылдар аралығында қазақ жерінде 500-ден аса қазақ мектебінің негізсіз жабылып, аралас мектепке айналғанын тоталитарлық жүйеден қаймықпай, «Қазақстан коммунисті» деген кеңес журналына жазған тұңғыш жау жүрек саясаткер. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына бастамашы болған, мемлекеттік тілді жедел оқыту орталығын ашуға мұрындық болған тұңғыш ұлт қайраткері. Осылай тізбектеліп кете береді.

Дөңгелек үстелде филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы мынадай ой айтты:

«Бізге Шайсұлтан Шаяхметовтей тұлғалардың өмірі мен істеген ісі өнеге. Ана тілімізге қатысты ұсақ-түйек деп қарайтын нәрсе көп. Ең үлкен мәселе – елге табаны тиген адам көлікке мініді. Ұшақ, пойыз, автобус, такси болсын. Сол жерде елді, ұлтты танытатын, ел туралы алғашқы әсер беретін – тіл жағдайы. Астана – ел төрі. Елорданың қоғамдық көліктерінде мемлекеттік тілде ғана хабарлама айтылуы керек. Ол жерде қазақ тілі мәселесі шешілсе, ел жердің иесі кім екенін ұқтырады» деді ол.

Астанадағы №3 автопарк-тің автобустарында тілбұзар мәтін жазылған хабарландыру ілінгенін сынап, әлеужеліде пост жаздым. Көп ұзамай автопарк-тің басшысы Нұрбол Ысқақовтан мынадай жауап келді: «Кемшілікті жойдық, орындаушыға қатан ескерту жасалды. Оны реттеп отыратын бізде нақты бұйрық жоқ, арнайы топ немесе маман да қарастырылмаған. Осы мәселелерді бір жолға қоюмыз». Екі айдан соң Нұрбол Ысқақов сауатты тілмен жазылған хабарландыруды жіберді. Автобустарға да ілінгіпті. Мұндай мысал көп. Біз қазір тұлғаны қолдан жасаймыз. Ол – надандыққа апаратын жол. 30 жылда әсірежағымпаз, ақшақұмар, мансапқұмар жастарды (бәріне бірдей күйе жағудан аулақпын) тәрбиеледік. Солардың біразы лауазым иеленіп жүр. Міне, осы кезде Шайсұлтан Шаяхметовтей қараңғыда жаққан шамдай, ұлтының бақыты үшін туған адал перзентіндей тұлға, министр керегін сезінеміз.



МАЙДАНГЕР ҚАЛАМГЕРДІҢ МЕРЕЙІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист-жазушы Әскен Нәбиевтің 100 жылдығына арналған еске алу кеші ұйымдастырылды.

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Ақмола облысының Ақкөл ауданында туған Әскен Нәбиев 1941 жылы ауыл мектебін бітірісімен соғысқа аттанады. Сталинград түбіндегі шайқастарға қатысады. Жау оғынан ауыр жарақаттанып, соғыстан қайтқан жауынгер ауылдағы мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Көп ұзамай оқ пен отта шыңдалған елгезек жігітті аудандық партия комитеті қызметке шақырады. Партия жұмысында жүріп бала кезінен бойына біткен шығармашылық қабілетін дамытып, аудандық және облыстық газеттерге, журналдарға мақала-очерктерін, соғыс жайлы әңгімелерін шығара бастайды.

1947 жылы Әскен Нәбиев бір-жолға қаруын қаламға айырбастаған қаламгерлік жолға түседі. Алғашқы әңгімелері мен повестері бірден оқырманның көңілінен шығып, жас жазушының шабыттың шаңына түседі. Одан кейін соғыс тақырыбына арналған очерктері мен әңгімелері жиі жазылып, бірнеше кітап болып шықты. Сондай-ақ Әскен Нәбиев еңбек адамдары туралы деректі-дәйекті шығармаларға ерекше ден қойған қаламгер ретінде танылды.

Әскен Нәбиев журналистік әрі жазушылығын қатар ала жүріп, облыстық газетте тілші және бөлім меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар одағы Целиноград облыстық бөлімшесінің әдеби кеңесшісі қызметін де абыроймен атқарды.

Саналы ғұмырын шығарма-

шылыққа арнаған майдангер-қаламгердің еңбегі өз бағасын алды. Атап айтқанда, I дәрежелі Отан соғысы орденімен, басқа да медальдармен марапатталды.

Әскен Нәбиев өнегелі отбасы ретінде де ел ішінде сыйлы-құрметті саналды. Ұл-қыздарын жоғары оқу орнында оқытып, кәсіби маман, тәрбиелі-өнерлі азамат болуына әкелік мейірімін де, көмегін де берді.

Академиялық кітапханада өткен кешті жүргізген белгілі жазушы Баянғали Әлімжанов майдангер-жазушының өмірін етене таныс қонақтарға сөз беріп, сөз арасында әсем ән мен күмбірілеген күйге кезек беріп отырды. Журналист-жазушының шәкірттері Мағжан Садыханұлы баяндама оқып, саналы ғұмырын шығармашылыққа арнап, соңынан мол мұра қалдырып кеткен Әскен Нәбиев туралы тағалымды әңгіме өрбітсе, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары – Астана қалалық филиалының басшысы Дәулеткерей Қапұлы майдангер-жазушының өнегелі өмір жолын құрметтеген замандастарына, артында қалған ұрпағына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар әріптес інілері Бәдуан Иманшұлы мен Жылқыбай Жағыпарұлы да өз естеліктерімен бөлісті. Ғалым-қаламгерлер Серік Негимов пен Марат Әбсеметов болса журналист-жазушының шығармашылық өмірі жайында әңгімеледі.

Тағалымды іс-шараның соңында әкесінің рухына тағзым білдіріп келген қатысушыларға жазушының ұлы, белгілі кәсіпкер Марат Нәбиев ризашылығын білдірді.

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2024 жылғы 29, 30, 31 қаңтарда сағат 10:00-де өтеді, мекенжайы: Ш.Айтматов көш., 36, н.п. 84, тел.: 8-7172-33-32-73.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vs.lk/torgi

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жол-көлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефоны: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58.

Астана қаласының мәслихаты Астана қаласы Аманат партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты филиалының төрағасы, Астана қаласы мәслихатының VIII сайланым депутаты Мағұм Арсланбек Талғатулына атасы Аманқұл Болат Ахметұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат болсын.

Астана қаласының мәслихаты «Жанару» республикалық қоғамдық бірлестігі елордалық филиалының директоры, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі Рахметұллин Дәулеткерей Рахметұлына апасы Нәбия Рахметұлының дүние салуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Жақын адамнан айырылу ешкіме оңай соқпайды. Ойы жүрік Нәбия Рахметұлының даналықтың, рухани байлықтың және үлкен мейірімділіктің үлгісі болып, саналы ғұмырын өзге үлгі боларлықтай ұрпақ тәрбиелеп, олардың өсіп-өнуіне дәнекер болды. Марқұмның иманы жолдас болсын.

Елімізде ұялы телефондарға арналған Qsandуq қосымшасы іске қосылды. Бұл қосымша қазақтың бай музыкалық мұрасын көпшілікке қолжетімді етіп, сан ғасырлық телегей музыкалық мұрамыздың тарихына жол ашып, жұртты ұлттық мұрамен қауыштырады.

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАНЫ ДӘРІПТЕЙДІ

Ұлттық дәстүрді сақтау, қазақ халқының мәдени мұрасын жаңғырту және музыкалық мәдениетін дәріптеу мақсатында жасалған мобильді қосымшада өткен ғасырлардан бергі асыл мұрамыз жинақталған. Атап айтқанда, Тәттімбет Қазанғапұлының, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Махамбет Өтемісұлының күйлері, Абай әндері топтастырылған. Сондай-ақ «Хазар», «Алдаспан», «Арқайым» сынды этнооптардың, Секен Тұрысбек, Сауле Жанпейісова, Жанғали Жүзбай, Айгүл Үлкенбаева, Рамазан Стамғазиев, Айгүл Қосанова, Ерлан Рысқали, Ақан Әбдуәли, Асылбек Еңсепов, Ақерке Тәжібаева, Ғазиза Ғабдрахимова, Қарақат Әбілдина, Еділ Құсайынов, Еркін Шүкіманов секілді әнші, күйші, жыршылардың орындауында шығармалар берілді. Мұнда әртүрлі ән-күй мектептерінің мұраларын, жаңа дәуір композиторларының туындыларын тыңдап, ұлттық аспаптар тарихымен танысуға болады.

«ЖҮЛДЫЗДЫ ГИД» ЖАЛҒАСТЫ

Ұлттық музейде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Жұлдызды гид» жобасы жалғасты. Бұл жолы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының актері, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Олжас Дәлелхан экскурсия жүргізді.

Аталмыш жоба 2015 жылы басталды. Оған сол уақыттан бастап танымал әртістер мен әншілер, өнер иелері қатысып келе жатыр. Жобаның мақсаты – экскурсия жүргізуші қызметінің ерекшелігін таныстыру, кең аудиторияға музей экспозициясындағы жәдігерлерді, тарихи-мәдени мұраны насихаттау.

Олжас Дәлелхан экскурсияны «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залы бойынша жүргізді. Бір атап өтерлігі, биыл Ұлттық музейдің ашылғанына 10 жыл толады. Ал бұл залды жасақтау мәселесі музейдің ғылыми кеңесінде талқыланып, суретші, этнограф-қарутанушы Қалиолла Ахметжан, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев сынды ғалымдар өз ескертулері мен ұсыныстарын жеткізді. Нәтижесінде «Тарих тұғырындағы ұлы тұлғалар» – Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қаныш Сәтбаев, «XIX-XX ғғ. өнеркәсіп және қалалар», «Қазақ хандығының өркендеуі», «Қазақ қоғамындағы батырлар институты», «Қазақ халқының рухани мәдениеті (жыраулар)», «Билер институты», «Қазақ хандығының патша өкіметіне қосылуы және ұлт-азаттық



көтерілістер», «XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысы және ұлттық автономиялар», «Кеңес өкіметінің орнауы. Қырғыз (Қазақ) автономиясының құрылуы. Индустрияландыру», «Кеңес өкіметінің қуғын-сүргін саясаты. Гулаг: Алжир, Карлаг (1937-1938 жж.)», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)», «1946-1991 жылдардағы

Қазақстан: ғылым, мәдениет, спорт», «1946-1991 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі: саясат, полигон, тың игеру, Арал мәселесі, Желтоқсан оқиғасы» секілді экспозициялар құрылды.

Олжас Дәлелханның еншісіне сол ғасырлардағы ел тарихы мен ірі оқиғаларды таныстыру бұйырды. Экскурсиядан кейін актермен музей кітапханасында кездесу

ұйымдастырылды. Онда өмірлік ұстанымы мен көзқарасы, актер болудың қызығы мен қиындығы туралы сұрақтар қойылды. Іс-шара соңында Ұлттық музей директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары Ақмарал Ибраева «Жұлдызды гид» шоу-жобасының жыл бойы жалғасатынын жеткізіп, актерге ұжым атынан алғыс айтты.

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» КӨШ-КЕРУЕНІ

Ұлттық академиялық кітапханада «Қазақ әдебиеті» газетінің 90 жылдығына арналған «Әдебиет. Рух. Қоғам» атты дөңгелек үстел мәжілісі өтті. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі қаламгерлер мен оқырмандар қатысты.



Ұлтымыздың рухани айнасы, еліміздің әдеби-мәдени өмірін өрнектейтін басылымның биылғы мерейтойы Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдығымен қатар келіп отыр. Жиынды жүргізген осы ұйымның хатшысы, Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы осыны атап өтті.

Белгілі ғалым, академик, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы ұлттық баспасөздің кешегісі мен бүгінгісін шолып өтіп, қазіргі күрделі жағдайына тоқталды. Соның ішінде газеттерге жазылу мәселесі қиын болып отырғанын айтты.

«Қазақ әдебиеті» басқа да ұлтқа қызмет ететін басылымдар білім

жүйесін аласақ, мұғалімдер күнделікті пайдаланатын оқу-әдістемелік құралдар қатарына кіруі керек. Сонда ол өмір сүреді, ақын-жазушылардың не айтып отырғанын халық та, оқушы да, қоғам да түсінеді. Мұғалім Ахмет Байтұрсынұлы кезеңіндегідей халықтың үнін де, мақсат-мүддесін де билікке де, қоғамға да жеткізетін алтын көпірге айналады» деді Дихан Қамзабекұлы.

Жиынға онлайн форматта қатысқан белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып осы күндері қазақ басылымдарына жазылу үлкен проблемаға айналып отырғанын, оның мемлекеттік деңгейде шешетін

тетіктері бар екенін атап өтті. Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов бастап берген «Қазақ әдебиеті» газетінің көш-керуені жалғасып келе жатқанын айтты.

«Қазақ әдебиеті» газеті 90 жыл бойы ұлтымыздың сөзін сөйлеп келе жатыр. Өткенде 1991 жылы жазған дүниелерін қарап шықсам, тәуелсіздік мәселесі, Қазақстан территориясының тұтастығы, тіл саясаты, егемендік, қоғамды дамыту, қазақтардың тарихи атамекеніне оралу, хандарымыз бен билеріміз туралы, репрессияға ұшыраған Алаштың зиялылары жайында, жалпы Шерағанның, Оралхан ағамыз, Төлен ағамыз бас редактор болған кезінде қаншама материал берілген. «Қазақ әдебиеті» қазірге дейін күнделікті өмірімізде болып жатқан дүниелерді қамтуға тырысады, тек қана әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің ғана газеті емес, ұлтымыздың жанына бата-тын небір мәселелерді қозғап келе жатыр» деген Бауыржан Жақып пен Жазушылар одағының мерейтойын атап өту жоспарымен таныстырды.

Іс-шараға жиналғандар әдебиет пен мәдениеттің жауһарын теріп, құндылықтың қазығы мен тілдің тазалығын сақтап отырған іргелі басылымның өткені, бүгінгі, келешегі жайлы өзекті әңгіме өрбітті. Соның ішінде белгілі қаламгерлер Әлібек Асқаров, Жарылқап Бейсенбайұлы, Роза Мұқанова, Қуаныш Жиенбай, Баянғали Әлімжан, Сұраған Рахметұлы, т. б. сөз сөйледі.

ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА ҰСЫНАДЫ



Қойылымда кейіпкерлердің бейнесі жаңаша құрылып, қазақ классикасы басқа қырынан беріледі. Спектакльде театрдың жас әртістерінің дебюті болады. Біржан партиясын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейір Байнеш пен Бейімбет Таңарықов орындайды, ал Сараның рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Бибігүл Жанұзақ пен Айгүл Ниязова сомдайды. Дебюттерді атап өтсек, Ұлпан Әубәкірова Алтынай бейнесінде алғаш шығады. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда (Жиенқұл), Валерий Селиванов (Қожағұл), Мерей Қадырханов (Серік) осы операдағы

партияларды тұңғыш орындайды. Қойылымда 3D-технология, италиялық маман Серджио Металидің бейне-проекциялары қолданылады.

Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсының шыққанына екі жылдан кейін 80 жыл толады. «Астана Опера» театры 2013 жылы ұлттық классиканың алтын қорындағы дәл осы спектакльмен ашылды. Бірнеше жыл спектакль Ресейдің Халық әртісі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Юрий Александровтың қойылымында жүрді. 2014 жылы Санкт-Петербург қаласындағы атақты Мария театрының сахнасында ұсынылды.